

ANNKEDIH

АСТАНА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Астанамен бірге түлеп, бірге өркендеп келеді. Осы институт ашылған күннен бері қазақ тарихы тың деректермен толығып, тарихи құндылықтарымыз молайып келеді. Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркіт Аяған мырза Астананың жарқын болашақтың кепілі екендігін айтады.

– Бүркіт мырза, елордамызға 19 жыл толды. Астана ұғымы сізге нені еске түсіреді? – Астана – Қазақстанның бүкіл өмірінде бұрын-соңды болмаған өркенді өзгерісі, еліміздің қол жеткізген жетістіктері, жарқын болашақтың кепілі. Еңселі елордамыз бүкіл әлемге әйгілі болған, бостандықты аңсаған елдің ұлылығын куәлендіретін баға жетпес бойтұмары. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған, азаттыққа қол жеткізуге құлаш ұрған арман-ойының іске асуы. Астана – кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. Сондықтан да еліміздің бас қаласы Астанаға көшу туралы ұсыныс түскенде, зор қуанышпен қарап, бірден келісімімді бердім. Сарыарқаның сары белінде қазақтың ұлан-байтақ жерінің қасиетті орталығында, жаңа бір мәдени-ғылыми һәм саяси-экономикалық алып ортаның, Отанымыздың күретамырына қан жүгіртетін, жан бітіретін сәулетті, қуатты ордамызда қызмет ету үлкен қуаныш болды. – Мемлекет тарихы институтының тарихын Астанамен байланыстыра қарайтынымыз рас. Алғаш Астанаға көшу туралы ұсыныс түскенде қалай қарадыңыз? Мемлекет тарихы институты Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 5 мамырдағы №416 қаулысымен құрылды. Яғни, институтымыздың құрылғанына 9 жыл ғана уақыт болды. Біздің институт Елбасымыз Н.Назарбаевтың тікелей бастамасымен құрылған. Мемлекет тарихы институтының негізгі мақсаты – Қазақстанның қазіргі тарихындағы мемлекеттілік және тарихи сана қалыптастыру процесін ғылыми талдау, теориялық жүйелі түрде негіздеу, сараптамалық талдаумен қамтамасыз ету. Мемлекет тарихы институты 2012 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында жарық көретін «Ұлы дала тұлғалары» сериясы бойынша мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қатысты еңбектер жариялау ісіне қатысуда. «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен «Нурсултан Назарбаев и казахстанская модель строительства государства», «Жұмабек Тәшенев», «Әлімхан Ермеков», «Ілияс Есенберлин», «Анна Панкратова» және «Кәрім Мыңбаев» атты институт ғалымдарының ғылыми-танымдық еңбектері жарық көрді. Аталған сериялық басылымның негізгі мақсаты – қазақ тарихындағы аса көрнекті қайраткерлердің сан қырлы тұлғалық қасиеттерін ашып, олардың

ұлттық руханиятқа қосқан үлестерін бағалау. Отандық ғалымдар тәуелсіздіктің нәтижесінде, өшіп бара жатқан құндылықтарымызды түгендеп, ұмытылып бара жатқан тарихымызды әділ жазуға қол жеткізіп отырмыз. – 19 жыл бұрынғы Астана мен бүгінгі елорданы салыстыра аласыз ба? – Астана жедел дамуда, тұрғындарының саны күн санап өсіп келеді. Жаңа өндіріс орындары іске қосылды. Елордасына салынған инвестиция көлемі бірнеше есеге артты, инфрақұрылымы жетілдірілді. Экономиканың тиімді және сапалы өсімінің арқасында өз тарихында тұңғыш рет өзін-өзі қамтамасыз ететін деңгейге жетті. Сондықтан да бүгінгі елордамызды осыдан 19 жыл бұрынғы Астанамен салыстыруға болмас, әрине. Бүгінгі еңселі елордамыз Қазақстан саяси элитасының алтын тұғырына айналды. Азия елдері арасында төртінші болып ЕХРО көрмесін өткізіп отырған елордамыз ертеңіміздің еңселі келбетіне кепіл болмақ. – Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Ұлттық кодқа арнайы тоқталды. Ұлттық код дегеніміз не? – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын қазақстандықтарды адамгершілік құндылыққа шақыратын «Адам бол!» трактаты ретінде балауға болады. Неге? Өйткені бүгінгі өмірде болып жатқан келеңсіздіктер баса айтылған және одан шығу жолдары жөнінде пайым жасалған. Мақалада қозғалған мәселелердің негізі ширек ғасырдан бері айтылып келе жатқаны жасырын емес. Мақала «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идея аясынан өрбиді. Десе де, мақаладағы ұлттық сананың жаңғыруына қатысты түрлі пікірлер мен пайымдар болуы заңды. Жаһандық сын-қатерлер аясында мемлекеттің ішкі қауіпсіздігі басты орында. Ендеше, ХХІ ғасырда ұлттық сана қандай болмақшы? «Өмір талабына сай бұқаралық сананы қалай өзгертеміз?» деген басты мәселе туындайды. Осы тұста, Елбасы рухани код – ұлттық кодты, прагматизм – көрегенділікті, ұлттық бірегейлікті сақтай білу қажеттігін айтады. Рухани төл мәдениетімізді, ұлттық рухты, рухани үнді, біртұтас ұлы ұлттың перзенттік парызын сақтау қажеттігін баса айтады. Мұның айтылып отырған себебі де жоқ емес. Ол – рухани жаңғыру жолында, қоғамда кедергі кертартпа мінез-құлықтардың жаппай өріс ала бастауы (астамшылық, қанағатсыздық, жершілдік, тамыр-таныстық және басқа). Сананың ашықтығы – зерделі болу. Ол үшін біліктілерге жол ашу және қамқорлық жасау міндет. Адам өмірінің мәні – елдің тыныштығы, отбасының амандығы, жеке бастың рухани дами отыра, елге қызмет ету. Ендеше, қиын болса да, алдағы мүмкіндіктен айырылмауымыз қажет деп ойлаймын. – Әңгімеңізге рақмет! Сұхбаттасқан Гүлзина БЕКТАС